1950-1960 жж ҚЫТАЙДАН НАРЫНҚОЛ ӨҢІРІНЕ ОРАЛҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ НАРЫНҚОЛ ӨҢІРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БЕЙІМДЕЛУІ

С. Е АБИЫР*

Аңдатпа: Мақалада 1950-1960 жылдары Қытайдан келген қазақтардың ата қонысқа көшіп келгеннен кейінгі әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері (Нарынқол өңірі бойынша) жайлы сөз етіледі. Сонымен қатар 1950-1960 жылдар аралығындағы қандастарымыздың өңір-өңірлерге орналасуы мен бейімделуі, мемлекет тарапынан алған жәрдем-ақылары, сондай-ақ, әр түрлі сала бойынша мамандық алып, қоғамдық ортаға бейімделу жағдайлары бойынша архивтік дерек көздерге сүйене отырып, жан-жақты нақты мысалдар негізінде талдау жасалынады.

Түйін Сөздер*: Қазақ, Репатриант, Ата-Жұрт, Көші-Қон, Отан, Тарих, Отбасы, Бейімделу, Демография, Ауылшаруашылығы*

Returned Kazakhs from China to The Narynkol Region in 1950-1960, And The Problems of Their Social Adaptation

Annotation: The article deals with the social problems of Kazakhs who were repatriated from China in 1950-1960 after migrating to their historical homeland (in the Narynkol region).
Based on the analysis of archival sources and scientific research with specific examples, the received specialties and state benefits, as well as the resettlement of repatriates in the region, their life and adaptation to public life after returning to the land of their ancestors in 1950-1960.

Key Words: *Kazakh, The Immigrant, The Land of Their Ancestors, Migration, Homeland, History, Family, Adaptation, Demography.*

...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл сонау 1950-1960 жылдардағы Қытайдан келген қазақтардың ата қонысына көшіп келген сәті еді. Десе де, қазақ халқының шет ел ауып босып кетуінің себеп-салдары белгілі. Бүгінде еліне оралу үрдісі әлі де жалғасын табуда. Оралу кезеңдері бойынша Қытай Халық Республикасынан 1950-1960 жж. келген қазақтардың орны ерекше. Отандық тарих ғылымында осы өзекті тақырып әлі де болсын терең зерттеуді қажет етеді.

1954 ж. КСРО мен Қытай мемлекеті арасындағы жасалған келісім шарт оң шешімін тапты. 1954ж. 16-сәуірде № 751-329 аса құпия жарлығы бойынша маусым-тамыз айларында Қытай Халық Республикасындағы «кеңес азаматтарын» тың жерлерді игеруге байланысты көшіру туралы, 1955 ж.17 қыркуйекте № 1701 «Шекарадан тыс жерлердегі кеңес азаматтарын репатрациялау және оларды КСРО-да еңбекпен қамту» туралы қаулы қабылдайды. Осы қаулылар негізінде Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданы мен Іле-Қазақ облысынан және т.б. аудандарынан қазақтар өз отанына қайта орала бастады [1,268 б].

1955 жж 1-сәуірінен бастап Қытайдан «кеңес азаматтары» арнайы тәртіппен келе бастады. Жалпы репатрианттардың ішінде Республика бойынша қазақтар ғана емес басқа ұлттың өкілдері де болды. Біз сөз еткелі отырған Алматы облысы Нарынқол өңірі бойынша еліміздің Қорғас кеден бекетімен және Нарынқол ауданының Абай елді мекеніндегі уақытша кеден бекетінен Қытайдың Іле-Қазақ облысынан көптеп қазақтар «кеңес азаматтары деген» қолдарында қызыл паспорттары, формасы 3х4 фото суреттері бар репатрианттар ағылып, шетінен келіп жатты. Репатрианттардың біраз бөлігі Нарынқол өңіріне барып орналасты, себебі басым көпшілігінің ағайын-тума бауырлары осы ауданда өмір сүріп жатқан болатын. Тамырын іздеген қазақтар бірлесіп өмір сүру жағдайларын ойлады. Шекарадан қабылдап алу үшін Алматы облысы көші-қон бөлімінен арнайы өкілдер, Нарынқол ауданының есепшілері және техникалық қызметкерлері арнайы жоспар мен кесте бойынша жұмыстар жүргізді. Барлық пункттер бойынша сауда орындары ашылып, дәрігерлік және мәдени қызмет көрсету шаралары ұйымдастырылған. Алматы облысының мұрағат құжаттарының дереккөзінде

* Педагогика Ғылымдарының Магистрі, Педагог-Модератор Оқытушы, Іле Ауданыв Ә.Молдабеков Атындағы №6 Орта Мектеп, Алматы Облысы,

DOI :10.30546/100981.1.2024.0141

көрсетілгендей, 1955ж 12 қарашада шыққын №433-ші КСРО партия комитеті және министрлер кеңесінің қоныс аударушылардың шаруашылық құрылымы туралы шешімінің жоспары бойынша Алматы облысының 17 колхоздарына 415 отбасыны бөліп орналастырған. Нарынқол ауданына 1955 ж 219 отбасы адам саны 518 болса, ал 1956ж 1-ші қазанда Алматы облыстық қоныстандыру бөлімінің көмекшісі А.Өмірзақовтың берген анықтамасы бойынша облыс бойынша басқа аудандарға тұрғын үйдің жоқтығына байланысты риза болмағандықтан қоныс аударушылар басқа елді мекендерге көшіп кеткендерін айта кетіп, Нарынқол ауданы бойынша 235 отбасы, 560 адамдардың тұрып жатқандығын репатрианттарға 213 үй салынып кіргендігі туралы анықтама есебінде көрсеткен [2, 22 п].

1950–1960 жж. Қытайдан келген қазақтардың Алматы облысы, Нарынқол ауданына қоныстануы жан-жақты жүргізілді. Қоныстанушыларға арнайы үйлер салынды, пәтерлер сатып алынды. Сонымен қатар, келуші қоныс аударушыларға мал алуға да қаржылық қолдау көрсетілді. Әрине көрсетілген көмек әр колхозда әртүрлі деңгейде іске асырылды. Кейбір колхоздар қоныс аударушыларды орналастыру мәселесінде олқылықтар жіберді. Соның нәтижесінде, қоныс аударушылардың әлеуметтік жағдайы төмен болды. Жалпы аудан көлеміндегі жағдай 1960 жылға шейін бір қалыпты болмады. Алайда, Қытайдан келген қоныс аударушылардың жергілікті ортаға бейімделуі маңызды әлеуметтік үрдіс болды.

Қытайдан келген қазақтардың жергілікті ортаға бейімделу үрдісі әртүрлі сипатта өрбіді. Мысалы, жергілікті қазақтар мен келуші қазақтар арасындағы ортақ түсіністіктің орнауына бірқатар кедергілер болды. Бұл кедергілерді шартты түрде әлеуметтік және мәдени деп екіге бөліп қарастырсақ болады.

Қоныс аударушылардың әлеуметтік бейімделуіне байланысты қоғамдық ғылымдарда зерттеушілердің теориялық ұстанымдар қалыптасқан. Әртүрлі ғалымдардың пікірі мен тұжырымдары мигранттардың барған ортасына бейімделуі мен жергілікті ортасына кірігуі мәселелерін қарастырды. Соның ішінде батыстық ғалымдар өз зерттеу объектілері негізінде бірқатар тұжырымдар ұсынады. Осындай нақты теориялардың негізін қалыптастырушылардың қатарында әлеуметтанушы Э. Дюркгейм мен М. Вебердің орны ерекше. Олардың пікірінше күрделі әлеуметтік жүйені сараптау үшін қоғамда келесідей жағдай қалыптасу керек: қоғамның қалыптасуы еңбек бөлінісіне байланысты болуы тиіс. Алайда, еңбек бөлінісі қандай да бір қоғамның қалыптасуы мен тұрақтылығына кепіл бола алмайды. Сондықтан, адамдардың әлеуметтік іс-әрекеті қоршаған ортаға да байланысты болады. Әлеуметтік әрекет теориясы ортақ әрекет етуші топтың ұқсас жағдайына қарай қалыптасады. Себебі, бұл топтар ортақ мәдениеттің өкілі болып табылады.

Адамдардың әлеуметтік қоғамдағы әрекеттері мен қоршаған ортамен байланысы әлеуметтік білімді жаңа деңгейге көтерді. Адамдардың ішкі әлемінің сыртқы дүниені күрделі және қарапайым символдар ретінде түсінуі объективті шындық ретінде қарастырылды. Қоғамдағы заңдылықтар адамдардың әлемге деген моральді, эстетикалық және интеллектуалдық қатынасынан тұрды.

Осындай теориялық тұжырымдарды қалыптастырған ғалымдардың бірі француз ғалымы П. Бурдье болды. Ол генетикалық структурализм негізінде адамдардың қалыптастырып отырған әлемінің күрделі әлеуметтік қатынастарының методологиялық және теориялық концепцияларын қалыптастырды. Ол алаң, габитус, агент және диспозиция сияқты ұғымдарды енгізді. Бұл ұғымдар индивид пен әлемнің қарым-қатынасын сараптама жасай келе қоғамдағы әлеуметтік шындықты әйгілейді. П. Бурдье әлеуметтік шындықтың екі жақты құрылымнан қарастыруды ұсынды. Оның біріншісі әлеуметтік шындықтың объективті үрдісі ретінде іске асырылады, яғни қоғамда адамдардың санасы мен еркіне бағынбайтын құрылымдар болады. Олар индивидтердің

кейбір іс-әрекеттері мен мақсаттарын қалыптастырады. Әлеуметтік қатынастарда өмірлік тәжірибесі бар индивидтер әлеуметтену үрдісінен өте келе өзінің диспозициялық схемасын қалыптастырады. Осылайша, олар өздігінше «әлеуметтік объектіні құрайтын тәжірибелік агентті» әлеуметтік әрекеттің матрицасын қалыптастырады [3, 11–12 бб].

Осындай методологиялық ұстанымдарға байланысты, П. Бурдьенің пікірі бойынша, әлеуметтік құбылыстардың уақыт пен кеңістікте әлеуметтік шындықтың қалыпсыз бөлінуінің қарым-қатынасын қалыптастыруға болады. Индивидтің тұлғалық қасиетін топтық әлеуметтік капиталға пайдалануы олардың әлеуметтік әрекетінен көрінеді [3, 12 б].

П. Бурдьенің диспозициялық жүйесі габитусты (әлеуметтік әлемдегі әлеуметтік ортаның өмір сүруі) қалыптастырады. Ол ұзақ уақыт ойша және іс әрекет арқылы жасалған жүйеден тұрады. Оларды индивидтер яғни агенттер сыртқы ортаға әсер ету арқылы қалыптастырады. Өз кезегінде оны сыртқы сипаты жағынан субъективтілену кезеңін өткеріп және әлеуметтік қатынастың объективті ортаның факторы ретінде әрекет етеді. Алайда, бұл жерде тұлғалық мәнде әлеуметтік қатынастарды реттейді. П. Бурдье мұны докса деп атайды. Осылайша, шағын әлеуметтік алаңдар габитус агенттердің қарым-қатынасын қалыптастырады. Олар әртүрлі капиталға ие (экономикалық, әлеуметтік және мәдени) және өз алаңында әртүрлі жүйеде қызмет етеді. Қарапайым тілмен айтқанда, габитус - тарихтың жемісі, ол жеке және коллективті тәжірибені қалыптастырады, яғни тарихты белгілі жүйелер арқылы тудырады. Ол өткен тәжірибелердің әртүрлі организмде орныға отырып олардың дұрыстығын саналы әрекеттермен көрсетеді. Мұндай жүйенің яғни өткен тәжірибенің қазіргі кезде орын алуы ішкі заңдылықтарды қалыптастырады. Бұл қажетті сыртқы заңдылықтардың ұдайылық принципіне итермелейді.

Бурдьенің концепциясын қоныс аударушы этникалық қазақтардың жергілікті жерге бейімделуі мен интеграциясында қолдану, олардың жасырын механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Қоныс аударушылар үшін жергілікті алаңға кірігуінде сыртқы ортаның қандай социомәдени шеңбері әсер етеді немесе осы үрдіске қатысушы агенттер яғни тұлғалар жергілікті тұлғалармен қандай келісімдерге келуі тиіс деген сұрақтар туындайды.

Осыған қатысты, қоныс аударушылар үшін Қазақстанда тұрақтап қалудың күрделі үрдісі тұрған болса, жергілікті халық Қытайдан келген қазақтарды өз габитусына яғни алаңына қабылдауы тиіс. Олардың өзара қатынасы әлеуметтік алаңның құрылымын өзгертуі қажет. Себебі, агенттер яғни қатысушылар өзіндегі капитал түрінің өзіне тиімді болғанын қалайды. Бұл тұста қоныс аударушылар арасындағы көне көз қариялардың орны ерекше болды. Олар осы үрдіске қатысушылар арасында ортақ бірегейлікті қалыптастыруға қабілетті болды. Бұл тұста Нарынқол ауданына келген Қытай қазақтарының бейімделуінде ақсақалдардың рөлінің маңызды болғанын байқаймыз. Олардың көпшілігі XX ғасырдың басында өз туған жерінен кетіп, қайтадан оралушылар болып табылады. Аталмыш теорияда берілгендей өз габитусына келушілер. Олардың жергілікті халықпен байланыстыратын фактор – мәдени капиталы болды. Мұндай тұлғаларды батыс әлеуметтануында «мәдениет тасымалдаушылар» деп атайды. Қазақтардың Қытайдан қоныс аудару барысында арнайы Нарынқол ауданын немесе Алматы облысын таңдағандары біздің алдын ала жүргізген зерттеулерімізде информаторлардың мәліметінен белгілі болды. Атап айтсақ, 1940 жылы туған Абиыров Енгебай өздерінің Қазақстанға қарай қоныс аударған кезде оларға Шымкент облысы (қазіргі Түркістан облысы) Созақ ауданына көшуді ұсынған. Алайда, олардың қалауы Жетісу өлкесі болып, осында тұрақтауға тырысқандығы айтылады [4]. Қытай қазақтарының өз ата мекеніне оралуға деген ниеті көшіп келген кездегі жағдаймен

толық тура келді деп айту қиын. Себебі, үлкендер көшкен кездегі жағдай, көріп отырған қоғамынан мүлде бөлек болды. Әсіресе, әлеуметтік бейімделу үрдістері өте ауыртпалықпен жүргізілді десек болады. Бұл қазақтардың елге келген кезден ақ басталды. Оның бір қыры шекарадан қайта өткен қазақтардың құжаттық мәселелерінен бастау алып, әртүрлі денсаулығының жағдайына жүргізілген тексерулердің өзі қандастарымызға оңай тиген жоқ. Дерек беруші информаторлардың мәліметтерінде бұл жағдай былайша сипатталады. 1962 жылы отбасымен шекарадан өткен Абиырұлы Еңгебайдың естеліктерінде келтіреді. Сол кездегі шекарадан өтіп келген қазақтарды шекарашылар қатаң медициналық тексеруден өткізген. Оларды ер және әйел ретінде бөлек бөлмеге кіргізіп бу жіберіп, дезинфекциялау жұмыстарын жүргізген [4]. Бейімделудің осындай тәртіптермен басталуы Қытайдан келген қазақтардың туған топырағындағы әлеуметтік статусын анықтағандай болды. Ғылымда бұл құбылысты бірегейленуді тұлғалар арқылы қарастыру дейді. Ол күнделікті өмірде әлеуметтік қатынастың тәжірибесінен туындайды. П. Бергер мен Т. Лукманның пікірінше бірегейлік әлеуметтік коммуникация барысында өзгереді [5]. Ал, өзін өзі әйгілеу немесе өзін бір топқа жатқызу «өзіміз» немесе «өзгелер» деген ұғымды қалыптастырады. Ал, дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі габитустың қалыптасуы жеке, этникалық, рулық бірегейліктен және рулардың ортақ тарихы, ата-бабаларының ерлігінен тұрды. П. Бурдьенің ұстанымы бойынша, мигранттың ішкі дүниесін түсіну үшін екі негіз болуы тиіс. Біріншісі, жаңа ортаға интеграциялануы және ортақ дәстүрлерді және тілді сақтап отырған бірегейлік қажет болды. Бұл екі ұғым арасында өзара тепе-теңдік болуы керек. Ал, егер бұл екі ұғымда теңсіздік болса әлеуметтік-мәдени конфликттерге алып келеді деп жазды [3, 12 б]. Бұл тұрғыда Қытай қазақтары мен жергілікті қазақтардың арасында этникалық, рулық бірегейлік мәселесі болмауы тиіс еді. Алайда, әлеуметтік және азаматтық бірегейлік мәселесінде келіспеушіліктер болды.

Қытайдан келген қазақтардың этникалық бірегейлігін түсіндіруде бірқатар теориялық ұстанымдарды да қамтып өтуіміз қажет. Мысалы, этникалық бірегейлікті қалыптастыру үшін этникалық шекара болуы қажет. Яғни әр этникалық топтың өзінің өмір сүру салты мен тұрмыс тіршілігінің өлшеулі шекарасы болады. Оны теориялық еңбектерде этникалық шекара деп атайды.

Жалпы, Нарынқол ауданына қоныс аударған Қытай қазақтарының алдында жергілікті ортаға бейімделуде бірқатар кедергілер болды. Соның бірі тіл мәселесі болды. Қытай қазақтарының орыс тілін білмеуі олардың әлеуметтік көмектер мен үкіметтен берілетін отын су, үй салуға берілетін ағаш, мал алуға арналған кредитті рәсімдеуде мәселелер туындады. Сонымен қатар, келуші қазақтардың денсаулығы мәселесінде де тілдің маңызы жоғары болды. Оны 1958 жылғы М. Абдировтың баяндамасынан байқауға болады. Ол өз баяндамасында Қытай қазақтарының орысша білмейтінін, ал жергілікті медбикелердің қазақша дұрыс түсінбейтінің жеткізген. Нәтижесінде олардың денсаулығын қадағалаудың өзі мәселеге айналған. Сонымен қатар, осы мәселенің бір ұшы сауатсыздық мәселесіне тірелді. Келген қазақтардың арасында сауат ашпаған адамдарда баршылық еді. Бұл жағдай олардың жергілікті қоғамға тез сіңісіп кетуіне айтарлықтай кедергі болды. Дегенмен, үкімет бұл олқылықты толтыру үшін арнайы сауат ашу курстарын ұйымдастырды. Әсіресе, ауыл жұмысшыларының күндіз жұмыс істеп, кешке сауат ашу курстарына баруы қолға алынды [6, 621–626 бб]. Бұл курстарға тіркелу үшін Нарынқол ауданындағы әр колхозда қоныстанған Қытай қазақтарының тізімін алып, оның ішінен сауатсыздардың тізімін бөлек дайындады. Алайда, колхоздарға орналасқан қазақтардың төте жазумен ғана жазуы, олардың құжаттық жұмыстарында қиындықтар туғызды. Оны архив құжаттарынан байқауға болады. Сондай-ақ, қоныс аударып келген қазақтардың

бейімделуінің тағы бір себебі, олардың оқшауланып қалуында болды. Қытай қазақтарының оқшауланууы мал шаруашылығымен байланысты болды. Үкіметтік бағдарлама бойынша келген қазақтарды мал шаруашылығына көптеп тартты. Нәтижесінде, малды ауылдардағы, жайлаулардағы қазақтар әлеуметтік ортадан сырттап қала берді. Бұл олардың жергілікті ортаға сіңісуіне бірден-бір кедергі болды. Мұны Қытайдан келген қазақтар арасында жүргізген зерттеулерімізде информаторлардың мәліметтерінде көрініс тапты. Мысалы, Нарынқол ауылының тұрғыны Тойғожа Молдабиұлының берген мәліметінде, 1962 жылы сәуір айында шекарадан өткен кезде оның балалық шағы еді. Ал, оның әкесі Молдаби қытайда білім алған сауатты дәрігер болған. Алайда, шекарадан қайта өткеннен кейін әкесінің тек колхозда механизатор болып қана жұмыс істегенін біледі. Сонымен қатар, Қытайдан келгендерді жауапты қызметтерге қоймағандығын жеткізеді [7]. Осылайша, әлеуметтік ортадан алшақтауы және жергілікті ортаға толық кіріге алмауы Қытай қазақтарын әлеуметтік маргиналға айналдырды.

1950–1960 жж. Қазақстанға оралған Қытай қазақтарының бейімделу үрдісі ұзақ уақытты қамтыды. Оның негізгі себептерінің бірі жергілікті қазақтар тарапынан дискриминацияға ұшырауы десек болады. Қытайдан алғаш келген уақытында келуші қазақтарды жергілікті қазақтар «қытайлық» деп атап кетті. Сол атау олардың әлеуметтік статусы іспетті қызмет атқарды. Қытайлық қазақты әртүрлі деңгейде төмендетуге тырысты және осы атау Қазақстанның тәуелсіздігін алып, Қытайдан қазақтардың келесі толқыны келгенге дейін жалғасты. Әлі де болса, «60-жылғы қытайлық» атауы кейбір орталарда аталып қалады. Кеңес үкіметі кезінде Қытайдан келген әке-шешелерінің ауыздарынан естіп өскен сол замандағы жастардың қытайлықтардың балалары деген атауды естіп өскенін жасырмайды. Бұл жөнінде белгілі тарихшы Шамек Баянұлы Тілеубаев өз сұхбатында атап өтеді. Марқұм анам айтып отырушы еді; «Кейінгі тәуелсіздік алған жылдардан кейін келген қандастарымыздың бізді “қытай” деп атайды» деген реніштеріне, Кеңес үкіметі кезінде Қытайдан келген қазақтардың “Қырық жыл қытайлық” деген атпен өмір сүріп осы күнге жеттік» деп бір шетінен басу айтып көңілдеріне демеу беріп сейілткендей, әрі шыдамдықтарының арқасында осы күнде ол атақ-статустан айрылғанын, «Уақыт емші; уақыт өте келе сендер де бұл атаудан айырыласыңдар» дегендерін айтып жеткізгенін баяндайды. Әр заманның бір қиыншылығы мен қуанышы қатар жүретінін көруге болады. Қуанышы атамекенге оралу болса, реніші “қытайлық” деген атауға ие болуы еді. [8]. Сонымен қатар, осындай шеттетулердің болғандығын сол кезде шекарадан асып келген қандас бауырларымыздың өзі дәлелдейді. Мысалы, Абиырұлы Еңгебай және Достарбеков Тойғожа және т.б. берген мәліметтерінде оларды «қытайлық», «қытайлықтың баласы» деп шеттеткендері айтылады. Атап айтатын болсақ, «Мені және мен сияқты Қытайдан келген адамдарды сол кездерде Қазақстан тәуелсіздік алған уақытқа дейінгі жылдарға дейін «Қытайлық», «қытай» деген атпен бөліп жарып айтқандай болуышы еді, жергілікті, қытайлық деген екі сорттағы адамдардай болып келдік. Мені жақын танитын жеңгелеріміз атымды айтуға қысылып «Қытай қайным» деп те атаған» деп, өз естеліктерін жеткізіп отыр [4].

Қазақстанға қоныс аударған Қытай қазақтарының әлеуметтік статусының осылай өрбуін бірқатар теориялармен түсіндіретін болсақ, бұл этникалық топтар арасындағы факторларға және ішкі және сыртқы аспектілерге байланысты болып табылады. Осы тұрғыда «этникалық топ» түсінігін қарастыратын болсақ, ол қоғам мүшелерінің ортақ мәдениетті бөліп жармай өзін сол мәдениеттің өкілі ретінде және сол мәдениеттің мұрагерімін деп есептейтін адамдар тобын атайды.

Этникалық топты анықтауда ата-баба мен ұрпақтар арасында салт-дәстүр, әдет-ғұрып және ырымдардан тұратын ортақ құндылық болуы шарт. Осы құндылықтар

арқылы этникалық топтың бірегейлігі қалыптасады. Бұл мәдени құндылықтар атадан балаға жалғасуы керек.

Этникалық топты анықтау Ф. Барттың еңбектерінен бастау алатыны белгілі. Оның пікірінше, этникалық топтың этникалық шекарасы анықталуы тиіс. Этникалық шекаралардың екі типі, ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Яғни, этникалық топ ішіндегі шекара ішкі болса, этникалық топ сыртындағы шекара сыртқы болып табылады. Көп жағдайда этносаралық қатынастар осы екі шекараға байланысты болып табылады [9, с. 18].

Ішкі шекара – топқа өздігенен қосылу. Ол өзін-өзі тану процесінде қалыптасады. Бұл өз сезімінің белгілі бір этникалық топқа сәйкестендіру болып табылады. Сыртқы шекаралар белгілі топ мүшелігінен сырттап қалу немесе өзгелердің кеңістігі. Көпұлтты қоғамдағы этникалық топтардың әртүрлі өкілдерінің өзара бәскелесуі мен ішкі шекараның болуы сыртқы шекаралардың қалыптасуына алып келеді. Бұл белгілі бір топтың өзгелер арқылы белгілі бір этникалық топқа жатқызылуын көрсетеді. Аталмыш топ ол этникалық топтың мәдени ерекшеліктерін көрсетпесе де жүзеге аса береді. Өзгелер арқылы белгілі бір топқа теліну немесе танылу өзін өзі тануда әлеуметтік ұйымның жаңа формасын қалыптастыруы мүмкін.

Жалпы алғанда, белгілі бір этникалық топқа жатқызылу екі түрлі шекараның мәселесін көтереді, біріншісі, ішкі шекара – әлеуметтену үрдісі арқылы болса, екіншісі, сыртқы шекара топаралық қатынастар негізінде қалыптасады. Бұл екі топтың өзара қатынасының Канада мен АҚШ тағы этникалық топтардың қарым-қатынасын мысалға келтіруге болады. Біздің ойымызша негізгі ерекшелік сыртқы шекараларда болады. Себебі, кейбір этникалық топтар өзге қоғамда өзгелер ретінде екі қоғамда да танылып кетеді (Мысалы, Қытайдан келген қазақтарды «қытай, қытайлық» деп аталуы, оларды Қытайда қазақ дейді осы мәселені көрсетіп отыр). Оның ішінде оларды саяси билік және басқа да органдардың атауы қалай болатыны маңызды болады. (Осыған байланысты кезінде қазақтарды патшалық Ресей қырғыз деп атады немесе сарттардың көпшілігін ұйғыр болып кетуі, немесе құрамалардың өзбек болып кетуі деген сияқты мәселеде баяндалады). Сонымен, сыртқы шекараның қалыптасуы саяси мәдениеттің және имммграциялық саясаттың бағытына байланысты болып табылады.

Сонымен қатар, сыртқы шекаралар саяси мобилизация мен бірліктің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда, бұл бірлікті ішкі шекараның қалыптастыратын бірлікпен шатастыруға болмайды. Бұл жерде этникалық бірлік емес, жалпы этностардың бірлігі меңзеліп тұр. Мысалы, оны АҚШ тағы афроамерикандықтар, карибтіктер және латынамерикандықтар ретінде қарастырса болады.

Ал, этникалық ішкі шекаралардың көлемі этникалық және аймақтық топтардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Оны калабреси және итальяндықтар мысалында қарастырсақ болады. Аймақтық топ өмір салтын мәдениет ретінде қарастырса болады. Бірақ, ол үшін аймақтық топтың бірегейлігі этникалық бірегейліктің бір бөлігі деп танылуы керек. Осылайша, Калаберезилер өзін Фриуланд, Тоскана және басқа аймақтарға қарағанда итальяндық ретінде есептейді. Бұл тұрғыда аймақтық бірегейлік кең көлемде итальяндық этникалық бірегейліктің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда, кейбір аймақтарда өзіндік төл тарихы мен мәдениетін ұстанып отырған топтар бар. Олар өзге этникалық топ ретінде өзінің бірегейлігін сақтап қала береді.

Осы тұрғыда индивуалды деңгейде этникалық тиістілік – әлеуметтік психологиялық үрдіс болып табылады. Ол адамға тиістілік пен бірегейлік сезімін тудырады.

Этникалық бірегейліктің ішкі және сыртқы аспектілерін бөліп қарастыруға болады. Сыртқы аспектілері мәдени және әлеуметтік тұрғыда көрініс табады. 1)

этностың өз тілінде сөйлеуі, этникалық дәстүрлерді ұстануы. 2) этникалық желіге қатысуы, отбасылық және достық қатынастар. 3) этникалық институционалды ұйымдарда, яғни мешіт, шіркеу, мектеп, ұйымдарға қатысуы. 4) ерікті этникалық ұйымдарға қатысуы яғни, клубтар, қоғамдық ұйымдар, жастар ұйымдары. 5) этникалық ұйымдардың қаржыландыратын ұйымдарына қатысу, пикниктер, концерттер, қоғамдық лекция, митинг, би және т.б. кіреді.

Этникалық бірегейліктің ішкі аспектілері идеяларға, көзқарастар мен сезімге қарай қалыптасады. Ішкі аспектінің сыртқы аспектімен байланысы болғанымен оларды бір формада қарастыруға болмайды. Соған сәйкес ішкі аспектіні 1) когнитивті, 2) моральді және 3) аффективті типке бөліп қарастырамыз.

Бірегейлікті когнитивті типі біріншіден өз тобының өзінше бағалауынан тұрады. Сонымен қатар, ол өз тобының тарихи мұрасы жөніндегі білімінен және өз тобының құндылықтары жөнінде білімінен тұрады.

Бірегейліктің моральді типі топтық міндеттерден тұрады. Жалпы, топтық міндет сезімі адамның өз тобының алдындағы борышымен байланысты. Көпшілігінде борыштық сезім адамның өз балаларын ана тілін үйретуге, топ арасындағы өкілдерге үйлену (өз ұлтынан үйлену), топ мүшелеріне көмектесіп тұру және т.б. тұрады.

Аффективті немесе катетті типке адамның өз тобының ортасын қауіпсіз сезінуі және мәдени ерекшелікке қарамастан өз тобында басқа топқа қарағанда қорғаныш сезімінде болуын атайды.

Бұл мәселеде Қытайдан келген қазақтар тобын осы үш категория аясында қарастыруға болады. Мысалы, бірегейліктің когнитивті типі бойынша Қытайдан келген қазақтар өз мәдениеті мен дәстүрін және тарихи мұрасын сақтап қалған. Ал, екінші моральдық тип бойынша қоныс аударған қазақтар ұрпақтары алдында оларды туған жеріне орналастыруға өзінде борыштық сезімі болды. Сонымен қатар, бұл жас ұрпақтың қазақ тілінде сөйлеуіне де мүмкіндік туғызды. Сұқбат беруші Достарбеков Тойғожа Молдабиұлының естелігінде бала кезінде әжесінің «өз еліме келдім енді өлсем арманым жоқ» деп айтып отыратынын айтты. Осыдан еш қиыншылыққа мойымай басты мақсаты атамекенге табан тірегеніне шүкіршілік жасап өмір сүрген қазақтардың ниетін көруге болады[7]. Сонымен қатар, аралас некеден сақтану мәселесінде де ата-мекенге оралған қазақтардың моральдік бірегейлігі жетекші орынға шықты. Сондай-ақ, Қытайдан қоныс аударған қазақтардың өз ортасында өзін қауіпсіз сезінуі олардың Қазақстанға келген кезде топтасып орналасуына негіз болды. Себебі, олар өз топтарының арасында өздерін қауіпсіз сезінді. Міне осындай негізде қазақтардың орналасуы мен әлеуметтік және мәдени бейімделуінде басты назар аударатын факторлар жеткілікті.

Қытайдан келген қазақтардың жергілікті жерге бейімделуін немесе кіріге бастауын әртүрлі құжаттардан қарастыруға болады. Соның ішінде, олардың Нарынқол ауданына келген кездегі колхоз мүшелігіне өтуге берген өтініштерінен көруге болады. Мысалы, арыздарда олардың осы өлкеде туып өскендігі және осы ортадан ешқайда көшпейтіндігі аталып өтеді. Бұл ҚХР-дан келген қазақтар үшін өз өмірлеріндегі ең маңызды кезең болды. Себебі, екі ұрпаққа жуық теперіш көрген халықтың тарихи отанына оралып, қайтадан туған ортасына кіріге бастауы олар үшін өте маңызды болды. Осы сияқты мәнде жазылған архив құжатын қарайтын болсақ, «Крупская колхоз правлениесіне Қытай халық республикасынан келуші Султанғазыйов Байырханнан:

Арыз

Мен төменде жағдайымды айтып арыз беру себебім, мен, 1962 жылы 14 ноябрьде Қытай халық республикасынан көшіп келіп, Абай колхозында әйелімнің

әкесінің үйінде қыстап шығып едім. Содан бері өзімнің туыстарымның қайда екенін біле алмай, осы жақында осы колхоздан таптым. Ол менің туыстарым Қожановтар еді. Мен өзім бір семьяда 6 жан:

1) Султанғазыйов Байырхан 1925 жылы туған
2) Абдилдаева Айкама 1936 жылы туған
3) Баласы: Султангазиов А. 1949 жылы туған
4) Султанғазиов Қ. 1947 жылы туған
5) Султанғазиов Л. 1958 жылы туған
6) Султанғазиов Н. 1960 жылы туған.

Осы жоғары жағдайымды айта келіп, сіздерден мені колзоз мүшелігіне алуларыңызды өтінемін.

Арыз иесі: Султанғазыйов Б. 6.04.1963 ж.», - деп көрсетіледі [10, 13 б]. Арызда көрсетілгендей арыз беруші Сұлтанғазиевтің өз туыстарының Нарынқол ауданы Крупская колхозынан табылғанын және осы колхозға мүшелікке қабылдануын сұрайды. Сонымен қатар, арыз мәтінінен ҚХР-дан келген азаматтың жергілкті жердегі ағайындарына сүйеніп отырғанын аңғаруға болады. Бұл қазақтың дәстүрлі туыстық жүйесімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, арыздағы мәліметтерден қазақтардың орналастырлғанда көптеген қателіктер кеткендігін байқауға болады. Себебі, өз әйелінің әкесінің үйінде қыстап шығып, ағайындарын таба алмай жүруі келуші қазақтардың құқықтарының ескерілмегенін байқауға болады. Сонымен қатар, 1962 жылы келген қазақтар арасындағы жасерекшеліктері арыздардағы мәліметтерінен қызықты көрініст алып шығады. Мысалы, арызда «Крупская атындағы колхоздың басқармасына ҚХР-дан көшіп келген Әбдірасилов Қанатбектен

Арыз

Мен төменде қол қойып, арыз беру себебім: мен ноябрь айында 1962 жылы ҚХР-дан көшіп келген едім. Сол үшін мені осы колхозға мүшелікке алуларыңызды сұраймын. Басқа баратын ешқандай жерім жоқ. Туып-өскен жерім – осы жер. Семьямда төмендегі адамдар тұрады:

1) Әбдірасілов Қанатбек 1935 ж.
2) Әбдірасілов Сыдықбек 1940 ж.
3) Әбдірасілова Сара 1939 ж.
4) Қанатбекова Бақытхан 1959 ж.
5) Қанатбеков Тоқтарбай 1963 ж - осы бес жан, жұмыскері үш жан.», - деп жазылған [10, 19 б]. Бұл мәліметтен 1935 жылы туылған Әбдірасилов Қ. осы өңірде туып өскендігін атайды. Соған сәйкес оның Қытайға 1940 жылдарға қарай көшкендігі анықталуы тиіс. Сонымен қатар, ҚХР-дан келген қазақтардың арасында басқа аймақтарға кеткендердің өзі айналып өзінің ата қонысы Нарынқол ауданына ауысып келгендігі байқалады. Мысалы, мына арызда «Крупская атындағы колхоз басқармасына ҚНР халық республикасынан келген Максутов Бекетайдан

Арыз

Менің арыз беру себебім: мен, 1962 жылы 12 айда КНР қаласынан Шымкент облысына барып, содан осы жылдың февраль айының ішінде көшіп келіп едік. Сондықтан осы колхозда өмір сүргім келеді. Менің семьямда 2 жан бар: өзім 1935 жылғы, әйелім – Максутова Айшақай 1939 жылғы. Семьяда осы екі адам жұмыс істейміз. Сонымен Крупская атындағы колхоз басқармасынан бізді колхоз мүшелігіне алуларыңызды сұраймын. Арыз иесі: Максутов Бекетай. 25. 02. 1963 ж.» [10, 6 б]. Арызда көрсетілгендей, арыз беруші алғашында Шымкент облысына қоныстанған. Сосын қайтып Нарынқол ауданына келіп қолхозға мүшелікке сұранған. Бұл жерде ҚХР-дан келген қазақтардың бейімделуінде өздерінің туған ортасы немесе ата-

бабаларының өскен ортасы айтарлықтай маңызды болған. Оны мәдени бейімделудің негізгі факторы ретінде қарастырамыз.

Жалпы, Нарынқол ауданына оралған қандас бауырларымыздың әлеуметтік және мәдени бірегейленуіне олардың этномәдени және діни бірегейлігі де әсер етті десек болады. Мысалы, 1960 жылдары келген қазақтардың діни ұстанымдары мен шариғат талаптарын орындау дағдылары дәстүрлі түрде қалыптасқан болатын. Олардың ішінде күнделікті бес уақыт намаз оқитын және дәстүрлі исламның рәсімдерін орындайтындар көп болды. Сонымен қатар, айт намаздарын, жұма намаздарын жасырын түрде ауылдың сыртына шығып тоғайға барып оқитын болған. Коммунистік жүйенің дінге қарсы қағидалары қандас бауырларымыздың арасында дін ұстануға қиындық туғызғанымен толық тоқтата алмады. Мысалы, коммунистік жүйені Дж. Де Востың пікірімен ұштастыратын болсақ, мынадай қорытындыға келеміз. Дж. Де Вос өз зерттеулерінде этникалық бірегейлікті сақтауда діни ықпалдастықтың кері әсерлері көрініс табады. Яғни мұнда дәстүрлі сенімдерге қайшы келетін әлемдік діндердің жекелеген тайпалардың өміріне енуінен шығатын қорытындыға келеді. Яғни, дәстүрлі нанымдар халықтың этномәдени құндылықтарымен тығыз байланысты болғандықтан, сырт өзге қоғамда жетілген әлемдік діндер тек этникалық бірегейлікке кері әсерін тигізеді деп тұжырымдады. Бұл мәселені Қытайдан келген қандас бауырларымыздың өміріне және дәстүрлі танымына кері әсер еткен коммунистік идеологиялық тұжырым ретінде түсінсек болады. Мысалы, Достарбеков Тойғожа өз естеліктерінде Қытайдан көшіп келерде әкесі үйіндегі екі сандық көптеген кітаптарды саяси қудалаудан сақтану үшін Іле өзеніне ағызып жібергенін айтады. «Үйде екі сандық кітаптары бар болған шипагерлік,дәрігерлік адам емдеу туралы сосын басқада тарихи кітаптары болған бұндай кітаптарды өткізбейді саяси қудалайды екен дегенді естігеннен соң әкем көшпей тұрып менің көзімше Іле өзеніне ағызып жіберді» - дейді. Бала кезінде осындай оқиғаға куә болған қандастарымыз елге оралғаннан кейінде өзара қауіп шеңберінде қалуы заңдылық болды. Сонымен қатар, 1930 жылы туылған Әлқожа Көшімбайұлы өзінің намаз оқу тәртіптерін бала кезінде үлкендерден үйренгенін, кейін көшіп келген соң кеңестік үкімет дінге қарсы болғанына сәйкес дінді ұстану қиын болғанын айта келе намаз оқымағанын жасырмады [11].

Қорытындылай келе, Қытайдан қоныс аударған қазақтардың орналасуы мен әлеуметтік-мәдени бейімделуі жергілікті ортаға бірқатар факторлар бойынша әсер етті. Біріншіден, жергілікті жердегі этнодемографиялық ахуалдың жақсаруына ықпал етті. Сонымен қатар, елдің дәстүрлі мәдениетінің қайта жануына жағдай жасады. Сондай-ақ, Қытай қазақтары «мәдениет тасымалдаушы» ретінде танылды. Олардың мәдени-шығармашылық әлеуметі қазақ этномәдениетінің насихаттаушы жаңа буынды қалыптастырды. Соның негізінде ғылымда, әдебиет, өнер және т.б. салаларда қайта оралған қазақтардың үлесі көрінді.

Қытайдан келген қазақтардың арасында бір жақты барлығы малшы болмады, олардың арасында Қытайдағы мәдениет төңкерісіне қатысқан көзі ашық азаматтарда көп болды. Алайда, олардың саяси белсенділігін байқаған жергілікті билік мұндай азаматтарды ұзақ жылдар бойы бақылауда ұстады. Бұл саяси сенімсіздік көзі ашық азаматтар үшін ауыр тиді. Дегенмен, олардың ғылыми әлеуетін ешқандай жүйе тоқтата алған жоқ. Себебі, Қытайдан келген қазақтар арасынан бірнеше дарынды ақындар, жазушылар және дәстүрлі мәдениетті тасымалдаушы этнографтар шықты. Олар өз еңбектерін Қазақстанның ғылыми кеңістігіне таныта білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құдайбергенова А.И Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи демографиялық қыры (1917-1991жж.). – Алматы: Елтаным, 2011. – 416 б.

2. Қазақстан Республикасының Алматы облыстық мемлекеттік архиві. ҚРАОММ. 1747-қ., 2-т., 6-іс.
3 Bourdieu P. Outline of a Theory of Practice. R. Nice, transl. Vol. 16. – Cambridge: Cambridge University Press, 1977. – P. 11–12.
4 Сұқбат беруші Абиыров Еңгебай Абиырұлы 1940 жылы туған. Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қарасаз ауылының тұрғыны. //сұқбат берген күні 05.03.2019жылы//.
5 Аерелайтед-Тарт А. Проблемы адаптации к новым культурным реалиям в зеркале биографического метода // http://escoman.hse.ru/data/888/062/1217/009-AARELAJD-TART_A.pdf. Дата обращения: 15.12.2019.
6 Абиыр С.Е. Қытайдан келген қазақтардың жаңа өмірге бейімделуінің әлеуметтік-мәдени аспектілері (1960–1970 жж. Нарынқол өңірі бойынша) // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. Тарих және әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2020. – №2(65) 621–626-бб.
7 Сұқбат беруші Достарбеков Тойғожа Молдабиұлы 1951 жылы туған. Алматы облысы,Нарынқол ауданы, Нарынқол ауылының тұрғыны. //сұқбат алған күн 30.08.2019жылы //.
8 Тілеубаев Ш.Б. Сол жылдардың зардабын әлі тартып келеміз // openmind.kz. Қаралған уақыты: 15.03.2020жылы//.
9 Барт Ф. Этнические группы и социальные границы: социальная организация культурных различий. Сборник статей. Под ред. Ф. Барта: пер. с англ. И. Пильщикова. М.: Новое издательство, 2006. – 200 стр.
10 ҚР АОМА. 1253-қ., 2-т., 60-іс.
11 Сұқбат беруші Әлқожа Көшімбайұлы 1930 жылы туған. Алматы облысы, Нарынқол ауданы Текес ауылының тұрғыны. //сұқбат алған күн 30.08.2019жылы//.